

Тағдырлас тұлғалар

Қазақ руханиятының көрнекті қайраткері Жүсіпбек Аймауытов: «Ұстаз ұстаз емес, өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт шәкірт емес, өз ұстазын сүймесе», — деп айтқан екен. «Жастар әлемі» газетінің бүгінгі санында ұстаз бен шәкірт арасындағы үйлесімділік пен үндестіктің, сыйластықтың ғажап үлгісін көрсеткен ұлы тұлғаларымыз — Қаныш Имантайұлы Сәтбаев және Евней Арыстанұлы Бөкетов жайлы жазбалардан үзінді жариялап отырмыз.

Тау жотасының алыптары

Евней Арыстанұлы Бөкетов. Бұл есімді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұлттық мақтанышымызға айналған ғалымдар мен жазушылар арасында айтқанда ұлы Сәтбаев атымен қатар қояды.

Сібірліктер Бөкетовты қарапайым халықтан, шаруа отбасынан шығып, металлургия мен публицистика, химия мен театр, энергетика мен проза сынды бір-бірімен қабыспайтын салаларды қатар меңгерген, зерттеушілік және зерткерлік биігіне жеткен қазақтың Ломоносовы санайды. Оның дүниеден көшкен уақыты алыстаған сайын қысқа ғана ғұмырындағы қызметі барлық қырымен айқындала түскендей. Иә, ол бар болғаны 58 жасында дүниеден өтті. Қайтыс болғаннан соң мұрағатымен айналысып, есте қалғандарды жаңғыртуға кіріскен алғашқы уақытта ағамның өмірі мен қызметін тұлға адамдармен салыстыру артықтау көрініпті. Соңғы уақыттың бедерінде Қ. И. Сәтбаевтың 100 жылдығына орай шығарылған кітаптарды оқып, академиктің жүріп өткен өмір жолымен мұқият танысқаннан кейін ағайындар ол кісіге көп жағынан ұқсас екенін түйсіндім. Тек олардың қызмет ауқымы ғана әр түрлі.

Сыртқы келбеті жағынан екеуі де бір-біріне ұқсас, ұзын бойлы, бастары үлкен, ер тұлғалы, келбеті, кең маңдайлы. Олар кез келген ортада ерекше көзге түсіп, бір көргеннен сырт бейнелері есте қалады. Едәуір айырмашылық: олардың дүниеге келген уақыты мен өскен ортасында ғана. Қаныш Имантайұлы Евней Арыстанұлынан 26 жыл бұрын сол кезеңде дәулетті саналатын отбасында ержетсе, ал Евней Арыстанұлы 1925 жылдың 23 наурызында шала сауатты шаруа отбасында өмірге келді. Бірақ Кеңес өкіметі оның жоғары білім алып, ұлы адамдар деңгейіне жетуіне мүмкіндік берді. Екеуі де ауыл мектебінен сауат ашып, еңбек жолдарын 16 жастарында ауылдағы мектептерде мұғалім болып бастады. Сәтбаев аз ғана уақыт өзінің туған жерінде халық соты болып істесе, сондай кезінде Бөкетов өз ауданында аудандық комсомол комитетінде қызмет атқарды.

Семей мұғалімдер семинариясында Сәтбаев оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене ат салысып, көркемөнерпаздар ұжымын ұйымдастырушылардың бірі болады. М. Әуезов, Ж. Аймауытовтың пьесаларында ойнайды. Домбырамен, маңдалымен өн айтатын өнері болған. Сол кезеңнен бастап газет-журналдарға өзекті тақырыптарда мақалалар мен очерктер жазған. Бөкетов те дәл осындай шағында оқып жүрген мектебінде белсенді болады. Мектептің қабырға газетіне редакторлық жасап, түрлі үйірмелер ұйымдастырып, А. Пушкиннің «Тас мейман» атты драмасын қазақшаға аударды. Дон Гуан пьесасындағы басты рольде ойнайды. В. Маяковский, А. Пушкин, М. Лермонтов секілді классиктердің әдеби туындыларын екі тілде оқиды. Бірқатар классиктерді отандастары Евней Арыстанұлының аудармасы арқылы танығанын бірге оқыған И. Белетченко, К. Сеңкібаев, Е. Корпич секілді достары айтады. Жастық шақтарында екеуі де ел басына түскен қиын кезеңдерді — бірі алғашқы әлемдік және азаматтық соғысты, екіншісі Ұлы Отан соғысын бастан кешірді.

Қаныш Имантайұлы 22 жасында Баянауылға емделуге келген болашақ ұстазы М. А. Усовтың кеңесімен білім қуып Томск қаласына келеді. Сібір технологиялық институты кен факультетінің геологиялық бөліміне түседі. Сондай кезінде Бөкетов те Алматыға келіп, кен-металлургия институтының металлургия факультетіне қабылданады. Екеуі де 26 жасында жоғары білім алып, техникалық мамандыққа ие болады. Біріншісі — геолог, екіншісі — металлург.

Институтты бітірген соң Қаныш Имантайұлының лабораториясы бетегелі дала, Сарыарқаның ұсақ шоқылары мен таулары болды. Ол алдына пайдалы қазбалар қыртысын тауып,

оларды халық игілігіне айналдыруды мақсат етіп қояды. Шексіз қиындықтарды жеңе отырып бұл ойлағанына да жетеді. Үлкен Жезқазғанның шаңырақ көтеруі соның бір дәлелі. Осынау бірегей объектінің маңызы жөнінде кезінде көптеген ғылыми еңбектер жазылғандықтан, ол туралы әңгімелеуді артық санаймын. Ал Евней институтты бітірген соң ғылыми-зерттеу ісіне қабілетті, бейімді жас ретінде аспирантураға қалдырылады. Үш жарым жыл ішінде деген ғылыми атақ алады. Бұдан соң өз кафедрасында оқытушылыққа бекітіледі. Төрт жылдан соң оны мұнда директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасарлығына тағайындайды. Осы жылдар ішінде Бөкетов Сәтбаев іздеп тапқан шикізаттарды өңдеумен айналысатын инженер кадрларды дайындайды. Дәл осы шағында Қаныш Имантайұлы да бастаған ісін жалғастыра алатын геолог кадрларын, ізбасарларын әзірлейді. Олардың арасынан өзінің үміті мен сенімін ақтаған ғалымдар аз шыққан жоқ. Солардың біразы мемлекеттік марапатқа ие болды.

Дала жағдайында 15 жыл жұмыс істеп, Жезқазған-Ұлытау жерлерінің қазба байлығын ашқаннан кейін 1941 жылы Сәтбаев үлкен ғылымға ауысады. Ол алғашында КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандағы филиалының Президиумы төрағасының орынбасары, онан соң төрағасы болады. Сонымен қатар осы уақытта геология ғылымдары институтын ұйымдастырып, басқарады. 1942 жылы яғни, 43 жасқа жақындағанда жарияланған ғылыми еңбектерінің көлемі ескеріліп, оған қорғамаса да геология-минералогия ғылымдарының докторы деген ғылыми атақ және «Қазақ ССР-нің Жезқазған ауданындағы кен орындары» деген ғылыми еңбегі үшін КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығы беріледі. Қазақ ССР Ғылым Академиясына ол құрылған 1946 жылдан бастап 15 жыл Президент болады. 1960 жылы жас кандидат Е. А. Бөкетов аты аңызға айналған ғалым Қ. И. Сәтбаевтің кездеседі. Осыдан соң Евней Арыстанұлы Сәтбаевтың ұсынысымен Ғылым Академиясына ауысып, үлкен ғылыммен айналыса бастайды. Бұдан соң Евней Арыстанұлы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Қарағандыдағы химия-металлургия институтының директоры болып тағайындалады. Евней бұл жерде ғалым және іскер ұйымдастырушы ретіндегі өзінің қабілетін жан-жақты көрсетті... Міне, осы жерде ғылым алыптарының қызметі өзара сабақтасады. Яғни, Қаныш Имантайұлы бар білімін пайдалы шикізаттарды іздеп, табуға бағыттап, Евней Арыстанұлы оларды кешенді түрде өңдеп, өнімдер алуға мақсат етті.

ХМИ-дің (1960-1970) жылдары директоры бола жүріп, тек түсті металлургия және химиямен емес, қара металлургиямен, органикалық химиямен шұғылданады. Евней Арыстанұлы өмірінің біраз жылын арнаған химия және халькогендер мен халькогенидтер мәселесін белгілі дәрежеде ұлы Сәтбаевтың металогендік болжам карталарын жасап, құру жөніндегі әлемдік тәжірибе баламасы жоқ геологиядағы тың әрі дербес бағыт ретінде бағаланған жұмысымен салыстыруға болады. Бұл еңбегі үшін Қаныш Имантайұлы бастаған авторлар тобы 1958 жылы Лениндік сыйлығы иеленді.

...Екі алыптың ұлан-ғайыр еңбегінің нәтижесі ТМД көлеміндегі халық шаруашылығының ең басты салаларында өз бейнесін тапты. Сәтбаевтың барлық ғылыми қызметінің ішінде шоқтығы биігі минералдық-шикізаттық ресурстарды іздеп табу болса, Бөкетовтың кенді қалдықсыз өңдеу жолындағы еңбегі ерекше. Олардың бәрін газеттің шағын мақаласында қамту мүмкін емес. Оларды зерттеу келер буынның жұмысы. Ширек ғасырлық айырмашылығы бар уақыттың әр кезеңінде еңбек еткен олар бір уақытта жұмыс істесе қайтер еді деген ой келеді. Атомның ақтас зарядтары секілді бір-бірінен ажырап кетер ме екен? Әлде олар өте ақылды адам болғандықтан халықты

рухани, материалдық, интеллектуальдық байыту жолында бірігіп, бұдан да көп іс тындырар ма еді?

Басында біраз айтылып кеткендей, есейген шақтарында екеуі де өзекті мақалалар жазуға бет бұрды. Қаныштың «Обаған» атты көлемді әңгімесі 1923 жылдың желтоқсанында «Қазақ тілі» газетінде жарияланды. Екінші еңбегі — «Ер Едіге» атты повесі 1927 жылы жарық көрді. Студент кезінде ол орта мектептерге арналған қазақ тіліндегі алгебра оқулығын жазды. Өкінішке орай, ол күні бүгінге дейін жарық көрген жоқ. Халық ауыз әдебиеті жақында материалдар жинап, зерттеу жүргізді. Өзінің бір еңбегінде Қ. Сәтбаев «Қазақ ғалымдары жеткен жерінде есте тоқтамайды. Алда республиканың сан жетпейтін көп түрлі табиғи ресурстарын зерттеп, тиімді пайдалануға, қазақ халқының рухани бай-мәдениетін дамытуға байланысты шешілмеген міндет көп», — деп жазды. Е. А. Бөкетовтың аспирант болған кезде жарияланған материалдары жоқ. Оның белгілі себептері бар. Кен-металлургия институты қабырғасында Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, профессор В. Д. Понамаревтің жетекшілігімен зерттеген тақырыбы жабық, аса құпия мәселе болды. Бұл жылдары оның бойында түрлі әдеби тақырыптарда шығарма жазуға деген құлшынысы болды. Сонымен қатар Евней орыстандан қазақшаға аударма жасаумен айналысты. 1951-52 жылдары ол И. Василенконың «Артемка» атты шығармасын аударды. 1952 жылы оның «Казахстанская правда» газетіне Н. В. Гогольдің кітабына жасалған аударма жөнінде жазған рецензиясы шықты. 1953 жылы мерзімдік басылм беттерінде «Әдебиет және өнер» журналы беттеріндегі сын мен библиография, «В. В. Маяковский шығармаларының қазақ тіліндегі аудармасы» және тағы басқа мақалалары жарық көрді... 1969 жылы облыстық «Орталық Қазақстан» газеті беттерінде оның Сәтбаевтың 70 жылдығына арналған мақаласы жарияланды. Жеті-сегіз жыл бойы әдеби тақырыпта ешнәрсе жазбай кеткендігін қызықтағандарға ол: «Жазу жұмысынан басқа да жұмыспен айналысуға мүмкіндігі бар адам — бақытты адам» дейтін. Оның жазған дүниелері «Советский писатель» сияқты саликалы басылмалардан орын алды. Бір кезде оның редакция алқасының мүшесі де болды. Тірі кезінде «Түйе үстіндегі адам» (1972), «Шығармашылық қырлары» (1977) атты шағын кітаптары жарық көрді. Әдеби еңбектерінің жинақтары үшін 1971 жылы КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Ғылым әлемінде ол 1970 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясына корреспондент-мүше болса, 1975 жылы академигі болды. 1976 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Оның бірқатар еңбектері сол кездегі биік лауазымды шенеуніктердің кедергі болуымен жарыққа шықпады. Олардың ішінде «Досқа алты хат», «Жас Қаныш» атты көлемді еңбектері бар. Мұрағатына зерттеу жасағанда әдеби шығармашылығының бес томдығы жиналып, баспаға дайындалды.

Екі алып өмірінің тағы бір ұқсастығы, олардың 60 жасқа келгенде дұшпандардың теріс пиғылына ұрынуы. Сәтбаевты олар дала феодалдарын мадақтап «Ер Едіге» атты повесть жазды деп айыптады. Байдың ұлы, жас кезінде ұлттық ұйымдар қатарында болған деп кінәлап, Ғылыми Академия президентінен аластатады. Кейін республикалық басшылық ауысқаннан соң өз қызметіне оралады. Бірақ зардабы Сәтбаевтың көкейінде мәңгі қалып қойды. Бұл жөнінде М. Сәрсекеев «Қудаланған Сәтбаев» атты еңбек жазды. Дәл осылай «Жарқын тағдыр уақыты» атты очеркі үшін Бөкетов те қудаланады. 1980 жылы ҚарМУ-дың ректорылығынан босатылып, БАҚ-тарда мақалалар жариялау, кітап бастыру құқығы құпия түрде шектеледі. Бұл қысым оның денсаулығына қатты әсер етті.

Кейінгілерге Сәтбаев бүгінде өз атындағы «Қазақмыс» корпорациясын, бірнеше ғылыми-зерттеу институттары өсіп-өнген Қазақ ССР Ғылым Академиясын қалдырды. Ал Бөкетов артына бірнеше зерттеу лабораториялары бар ХМИ-ды қалдырды. Және оның атындағы ҚарМУ республикадағы бірегей оқу орындары қатарында келеді.

Өзінің очерктерінің бірінде Евней Арыстанұлы: «Қазақтың бірінші академигі Қаныш Имантайұлы мен оның серіктерінің тағдыры ертегідей ғажап. Олар қазақ ғылымы аспанындағы тұрақты шоқ жұлдыз болды. Сол шоқ жұлдыздың ішінде Қаныш Имантайұ-

лы ізбасарларының істерінде, ашқан жаңалықтарында мәңгілік жарқырап тұратын дара тұлға. Қаныш Имантайұлының өмірі халық үшін ерлік пен бағылдықтың, еңбек сүйіштігі мен мақсаткерліктің ұлы үлгісі» деп жазды. Осы сүйіспеншілікке толы сөздерді оның авторына арнап айтудың меніңше, еш артықтығы жоқ.

ХАМЗАБАЙ БӨКЕТОВ

Сан салалы сабақтар

Евнейдің ойы да, бойы да биік еді. Үлкен істі тындыруға жаралған адам болатын. Құлашын қиынға созатын. Қиядан жем ілетін қыран тектес жігіт еді. Өзі нардай адам, нардың жүгін көтеруге әзір тұратын.

1970 жылы емханаға түскенімде Қаныш ағаның зайыбы Таисия Алексеевнаны кездестірдім. Ол кісі: «Қаныш жайында кітап жазылуы керек еді. Соның реті қалай келер екен?» — деп сұрады менен. Мен іркілместен: «Оны Евней Бөкетовпен сөйлесіңіз. Бір келсе сол кісінің орайы келіп қалар», — дедім. Евней кейінірек белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевке жазған хатында: «Сіз Қанекен жөнінде жазғанымыз ескерткен екенсіз. Соған қадімгі өз бастығыңыз Сыраған кінәлі. Ол кісі Қанекеннің бәйбішесі Таисия Алексеевнамен емханада жағайды да, үлкен кісінің өмірбаянын тек Евней жаза алады деп дәріптепті. 1971 жылы Қанекеннің бәйбішесі бұрын бейтаныс мені шақырып, өтініш айтуы осыдан басталды», — дейді.

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

Жүрек жылы (күнделіктен үзінді)

30.11.73. Евней Бөкетовте болдым. Қаныш Сәтбаев туралы ғылыми-өмірбаяндық дүние жазбақшы екен. Тіптен бастап та қойыпты. Менің топшылауымда, Қанаң туралы Евнейдің қалам тартуы өте құптарлық жағдай. Мені таңғалдырғаны — Евней Арыстанұлының әдебиетке деген сезімталсеректігі. Қанаң туралы жазғанының кіріспесін оқып берді. Мұның өзі әсерлі, сәтті үлгіде. Қанаңның үйіндегі шешемізге хат түрінде жазылыпты. Сәтіліктің бір атысы табиғилық болуы керек. Осы жолы Евнейдің В. Маяковскийді аударып жүргенін білдім. Өзі айтты. Кезінде қуаныш, жүзінде рахат нұры ойнап отырып айтты.

03.12.73. Евнейдің үйінде болдым. Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбек жолы туралы жазып жатқан еңбегінің алғашқы тарауларын оқып берді. Салмақты, ойлы. Ұлы адамның туған, өскен ортасын мейлінше байыптылықпен баяндапты. Көркемдік әсерден ада. Осыған орай, Евней мынадай бір пікір айтты: Қанаңның көзін көріп, тәрбиесін алған біздердің міндетіміз — шындықты қағаз бетіне түсіріп кету. Келешекте туатын көркем туындының ірге тасын қалап, кірпіш құйып кетуіміз керек. Бұл оңай міндет емес сияқты. Мұнан әрі жазу азабы туралы сөз өрбіді. Евней көп сызып, көп өшіріп жазды екен. Сонсоң қолға түскен деректі жүйелеудің де үлкен маңызы бары айтылады. Қанаң туралы жиналған материалдың бес-алты папканы толтырғанын көрсетті.

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКОВ

Е. А. Букетов прозасындағы бейне жасау шеберлігі

...Е. А. Букетов 1979 жылы 12 сәуірінде «Орталық Қазақстан» газетінде қазақтан шыққан тұңғыш академик Қ. И. Сәтбаевтың туғанына 80 жыл толуына орай жазған мақаласында: «Өмірі мен ісі халықтың өнегелі қазынасына айналған адамдардың тіршілігі мен қаракеті жөнінде жазудың өзі тіпті қиын. Ол — ол ма, кейде тіпті қауіпті ме деп те ойлаймын. Өйткені адал ізгі ниетпен ешбір ауытқымай жазып отырғанның өзінде шындықтан алшақ кетіп қалу оп-оңай», — деп жазған болатын. Жазушы Қаныш Сәтбаев туралы шығарма жазар алдында бірнеше очерктер мен публицистикалық сарындағы мақалаларын мерзімді баспасөз бетеріне бастырып, үлкен дайындықтан өтті. Атап айтар болсақ, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін», «Таң шолпанындай жарқырап», «Тұңғыш қазақ академигі», «Академик туралы әңгіме» атты қысқа-қысқа публицистикалық әңгімелер жазған. «Менің сол Қанекенге 17 жыл өмірім кетті. Нансаң енді кілтін тапқан сияқтымын. Көркем өнерінің күрмеуі қиын нәрсе ғой. Ал Қанекенді мен жақсы білген адаммын. Өр сөзі, бет-бейнесіне дейін кешегідей көз алдымда», — деп жазған болатын. Бірақ авторың бұл ойы толық орындалмады. Жазушы тек Қаныш Сәтбаевтың балалық шағы мен жастық өмірі туралы ғана жазып үлгергені көп-

шілікке аян. Евней Арыстанұлы Букетовтің «Жас Қаныш» атты деректі хикаяты «Қазақстан» баспасынан 1999 жылы жарыққа шықты. Бұл шығармасында жазушы академик Қ. И. Сәтбаевтың жастық шағы туралы жан-жақты мәліметтер береді. Бұл туынды орыс тілді оқырмандарға арналып жазылған, онда автор қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, тәлім-тәрбие ерекшеліктеріне баса назар аударған. Бұл деректі хикаят екі тараудан тұрады. Бірінші тарауы «Аттың жалы, түйенің қомында» деп аталып, басты кейіпкердің қай жылы туғанын бастап, кішкентай Қаныштың қолына қалам-қағаз ұстап, алдына кітап жатын уақытқа жеткен кезімен аяқталады.

...Автор болашақ ұлы ғалым бала күнінде қандай болды, өзі құралпы жасөспірімдер арасында қандай ерекшелігі дараланды, қалай өсіп, қалай ер жетті деген сауалдарға өз шығармасында толық жауап береді. Балалық шағының кейбір қызықтарын академиктің өз аузынан естіген жазушы кейіпкерінің бөтен-бастақ мінезі жоқ, момын, мейірімді бала болып өскенін әдемі тілмен сенімді суреттейді. Е. Букетов осы шығармасын жазу үстінде Қаныштың балалық шағын көрген адамдармен тілдесіп, сол деректерді өз хикаятына пайдаланған тұстары да бар. Бүкіл ғұмырын Қаныш туған ауылда өткізген немере ағасы Әкімтай ақсақалдың айтқанын сол қалпында өз шығармасында келтіреді: «Қанышты бір білсе, нақ мен білетін шығар деп отырсың ғой. Оның нақ. Біз Сәтбай ағамыздан тараймыз, екеуміздің әкелеріміз Жәмін мен Имантай бірге туған бауырлар. Інімді мақтан тұтамын, артықша жақсы көремін. Бірақ сондағы бала Қаныштың мынадай дана Қаныш болып шығатынын сол кезде білсем ғой, басқан ізін, аузынан шыққан сөзін аңдып, жадыма тоқи бермейтін бе едім. Есімде қалғаны сол, Қаныш ақылды, ұстамды, зерек бала болып өсті. Одан басқа дәнеңе де есімде жоқ».

... «Жас Қаныш» деректі хикаятындағы басты кейіпкердің жас кезіндегі мінез құбылысын, сөйлеу мәнерін, кескін-келбетін суреттеуде автор шеберлік танытқан. «Бөкешті тыңдай отырып, Қаныш өзі де ағасы сияқты кітап оқитын күнді аңсайды. Әріптердің көбін танытынына, тіпті кейбіреулерінің басын қосып сөз құрайтынына қарамастан жүз ренуіне әкесінің қарсы болуы Қаныштың жанына батады. Оны әсіресе күйдіретіні — домбыраға әуестігін әкесінің елемейді. Ал Бөкеш домбыраны кәдімгідей-ақ сылқылдатады, тіпті кейде әкесінен де кем түспейтіні бар. Қаныштың қабілет-зейіні өзгеше екенін басқалардан бұрын байқаған әкесі мен анасы көздерінің қарашығындай кенжетайларының жұрт назарына тым ерте ілігіп, тіл-көз болуынан қорқып, көп ретте баланы әдейі тежейтінін Қаныш қайдан білсін». Осы мінездемеден Қаныштың ерекше зерек, ақылды, намысшыл болып өскенін оқушының есте сақтап қалуына мүмкіндік жасалған.

...Болашақ академик жас шағында-ақ адамдық, азаматтық және қайраткерлік сипатын танытқанын бұл хикаяты оқу барысында көз жеткізуге болады. Қаныштың іс-әрекет үстіндегі шын келбетін, таза табиғатын адастырмай аңғартатын көптеген суреттер бар. Деректі хикаятың «Бір ғылым болып іңкәрі...» атты тарауында Қаныштың молдаға барып оқу оқырдағы толқығаны, одан кейін Шорман ауылындағы орыс мектебінде білім алғаны, Семейдегі орыс мектебін тәмамдауы рет-ретімен көркем сипатталған.

...Білім алу жолында жанын аямай қызмет еткені, оқудың, білім мен ғылымның байыбына жастайынан-ақ қанық болғаны, оның мәнін терең түсінгені, аса шытырман, қиын сәттерінде көрсету арқылы автор қаһарман бейнесін білгірлікпен сенімді ашқан. Бұл хикаяттағы Қаныштың әкесі Имантай ақсақал мейлінше қамқор, әділ, еңбегі адал азамат ретінде суреттеледі. Жазушы Имантай ақсақалды: «Қаныш әлі қуаныш құшағында келеді. Дәл қазір ол мынадай денесі зор, бойы биік, қалқасы сенімді адамның жетістіген асқан жасы шашын ағартып, қымылды баяулатқаны болмаса, дене бітімі мен ширақ жүрісіне қылау түспеген, ал шешек дағы тарылдаған қонырқай жүзіндегі кішілеу қой көздері нұрын жоғалтпаған әкенің сонынан келе жатқанына қуанды». Көзі қарқты, ақылы кемел, ел-жұртына қадірлі Имантай ақсақалдың жетістіген асқанда да ел арасында сыйлы, қадірлі болғанын жазушы осылай шебер кескіндейді.

Д. Қ. ҚУАНДЫҚОВА